

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ  
ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ:  
ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ  
(PISA халықаралық зерттеуіне  
оқушыларды дайындау аясында)**

**Есімханова Райхан Құдиярқызы  
“Басқару мен білім беру сапасы”  
кафедрасының аға оқытушысы**

**ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша лексика, грамматика, пунктуация, стилистика, т.б., яғни тілге қойылатын заманауи талаптарға сай өз өмірінің қысқа тарихын жаза алатын адам сауатты адам болып есептеледі.**

**Оқу** – бұл тәрбие, білім мен мәдени дамудың базалық компоненті. Ол тұлғаны дамытушы және қалыптастырушы іс-әрекеті болып табылады. Оқу – адамның өмірде жетістікке жетуінің құралы.

Бүгінгі күні білім беру мен мәдени саясаттың **жалпыұлттық міндеті:** оқуға тарту, оқуға деген қызығушылықты ояту, оқудың мәдени және тұлғалық құндылық ретінде мағынасының артуы. Өскелең ұрпақ бойында оқуға деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыру – бұл заманауи қоғамның бастапқы міндеттерінің бірі болып табылады.



**Балалардың ойлауын дамытуда оқудың рөлі ерекше:**

- 1) адамның тілін дамытады, оны дұрыс, нақты, түсінікті, бейнелі, әдемі етеді;**
- 2) адамның рухани-адамгершілігін дамытады, мейірімді болуға, адамның жан дүниесін түсіне білуге, қуаныштарына ортақтасуды үйретеді;**
- 3) адам шығармашылығының дамуына ықпал етеді, жаңа көркемдік шығармашылық туындыларын жасауға ынталандырады;**
- 4) ақпаратты қолдана білуін және оны зерттеу білігін қалыптастырады.**

*Оқырмандар мәселелер аясында ойлауға қабілетті, құбылыстар арасындағы қарым-қатынасты және байланыстарды анықтай алады, жағдаяттарды бара-бар бағалай алады, тез дұрыс шешім қабылдай алады, есте сақтау қабілеті жоғары, шығармашылық қиялы бар, тілі дамыған. Олар өз ойын қалыптастыра алады, еркін жаза алады, қарым-қатынас жасай алады, сыни тұрғыдан ойлай алады. Басқа сөзбен айтқанда, оқымайтын балаға қарағанда оқырман балада функционалдық сауаттылықтың негізін құрайтын негізгі құзыреттіліктер жоғары болып табылады .*


**С.Н.Плотников**

## **Оқуға деген қызығушылықтың төмендеу себептері:**

- 1) бұқаралық ақпарат құралдарының әсері (компьютер алдында көп сағат бойы отырумен кітап оқу алмастырылады);**
- 2) қоғамдық өмірдегі өзгерістер (аз қамтылған отбасылар санының көбеюі, ата-аналар бала тәрбиесіне мән бермеуі);**
- 3) бірінші сыныпқа қабылданған балалардың үлкендермен бірігіп кітап оқуының азаюы (үлкен адам балаға кітапты аз оқиды, алғашқы оқу жылдарында түрлі кітаптарды жүйелі және толық оқу үдерісі бұзылады);**
- 4) оқушылардың оқу қызметін қалыптастыруға бағытталған жүйенің жоқтығы.**

# ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

## Франция



Қазан айының екінші жартысында өткізілетін **Оқу мерекесі** қызықты мерекелердің бірі болып табылады. Үшкүндік бағдарлама кітап жәрмеңкелерін, жаңа кітаптар көрмесі презентациялары, түрлі семинарлар, оқырмандар конференциялары, жазушылар және ақындармен кездесулерден тұрады. Мерекелік безендірілген көшелер, барлық жерде көптеген кітап сөрелері, көшеде кітап қойылымдары өтеді.

Францияда **«қабырғасыз кітапханалар»** деп аталатын іс-шара жүзеге асырылуда: ауладағы балалар алаңдарына кітаптар қойылады, балалар мен ата-аналар олармен алаңсыз таныса алады.

Мұндай іс-шаралар – кітап оқуды насихаттаудың ең жақсы үлгілері, сондықтан Францияда «оқу дағдарысы» деген ұғым жоқ.

## Нидерланд



Нидерландыда кітап оқуды насихаттау жүзеге асырылуда. Мұнда **голландиялық кітаптарды насихаттаудың** бұқаралық қоры жұмыс істейді. Жыл сайын Кітап апталығы ұйымдастырылады, елдің барлық тұрғындарының назары голландиялық әдебиетке аударылады. Ақпараттар және құжаттар орталығы кітапханалар мен мектептерге балалар кітаптарын насихаттау бойынша шараларды ұйымдастыру туралы ақпараттарды жібереді.




## Ұлыбритания



Ұлыбританияда Ұлттық оқу жылы аясында **«Отбасында бірігіп оқу» бағдарламасы** жүзеге асырылды. Оның негізгі шаралары: «Кітапханаға тіркеу бойынша кампания» (балалар мен олардың ата-аналарын жергілікті кітапханаларға тарту мақсатында); «Ұйықтар алдындағы оқу» (ата-аналарды балаларға кітап оқу қызығушылығын оятты); «Жалығып кетпейінше оқи бер» (жас өспірімдерге мәтінді талқылауды ұсынды). Оқу жөніндегі Агенттікке оқушыларды тарту бойынша жаңа әлеуметтік веб-сайт ашылды, бұл сайт жасөспірімдерге өзінің оқырмандар дүние танымын кеңейту мен өзінің сүйікті кітаптары туралы пікір алмасулармен мүмкіндігін ұсынды.

# ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

## Бельгия




Бельгияда 2002 жылы кітап оқуға мүмкіндік туғызу үшін барлық жағдайлар жасайтын **Оқу Қоры** құрылды. Қор үнемі балалар мен ересектерді жақсы кітаптарды оқуға шабыттандыруға көмектеседі. Жыл сайын қараша айының соңғы аптасында **«Дауыстап оқу апталығы»** атты іс-шара өткізіледі. Осы апталық ішінде қор демалыс орталықтарына, балабақшалар мен мектептерге балалар әдебиеті басылымдарын тегін таратады.

**Жас ата-аналарда кітап жиынтықтарын, кітапханалардың ақпараттық материалдарын және бала 3 жасқа келгенше 3 кітап сатып алуға чек алуға мүмкіндіктері бар.**

# ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

## Швеция



Швецияда оқырмандарға көптеген әр түрлі тегін бағдарламалар ұсынылады.

**«Вике Вире»** - бұл туылғаннан бастап 1 жасқа дейінгі балалар мен олардың ата-аналарына арналған тіл дамыту сабақтары өткізіледі, сабақты педагог-актриса өткізеді.

**«Карапуз Пеле»** бағдарламасы 1-ден 2 жасқа дейінгі балаларға арналған, сабақтарда актриса мәнерлеп оқып, балалар мен олардың ата-аналарымен қосылып ән айтады.

**Швед тіліндегі ертегілер сабақтарын** педагогтар мен актерлар үш топқа - 2, 3 және 4 жас шамаларындағы балаларға өткізеді. Осындай сабақтар шетел тілдерінде де өткізіледі.

11-13 жастағы жасөспірімдерге жаңа қызықты кітаптарды оқып, талқылауға мүмкіндік тудыратын **кітапқұмарлар клубы** жұмыс істейді.

# ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

США



АҚШ-та мектептерде кітап оқуға арналған арнайы орындар құрылуда, балаларды кітапқа, кітап оқуға көңіл бөлуге бағытталған **«Жас оқырман жылы»**, **«Осы жайлы көп оқы»**, **«Өмір бойы кітапқа деген күштарлық»**, **«Кітап әлемге жол ашады»** деген сияқты әртүрлі бағдарламалар жүзеге асуда.

Ең кішкентай тұрғындарды кітап оқуға араластыру мақсатындағы бағдарлама да бар. **Жаңа туылған сәбиге** алғашқы оқулығы мен «Мен кітап оқығанды ұнатамын» деген жазуы бар сілекей сүрткіш, ал оның анасына баланы күту мен тәрбиелеу жайында құрал жіберіледі.

АҚШ-та кейбір мектептерде материалдық ынталандыру тәжірибесі бар – кітап оқығаны үшін балаларға талондар беріледі, жартыжылдық соңында оларды балалар арнайы дүкенде ойыншықтарға немесе канцтоварларға алмастыра алады.

# ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

## Корея



Кореяда 1971 жылдан бастап демалыс күндері өтетін **кітап оқу курстары** ұйымдастырылады, мұнда жергілікті кітапханалар жазғы және қысқы демалыстарда балаларға қызмет көрсетеді. Бұл бағдарлама осы елдің ең үздік бағдарламасы және жалпы кітапханалардың саны барлығын қамтуға мүмкіндік болмаған жағдайда өте тиімді болып табылады. Кітап оқуға арналған курстарда экскурсия, қолданушыларды оқыту, кітап оқуға үйрету, т. с.с. әдіс-тәсілдерді қолданады.

# ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

## Россия



Ресейде Республикалық және аймақтық деңгейдегі түрлі бағдарламалар жұмыс істейді: «Кітапханаға кітап сыйла», «Әдебиет кемпірқосағы», «Кітапхана + Отбасы», «Кітапханаға барлық отбасымен бар», «Ашық есік күндері», «Менің отбасымның сүйікті кітаптары», «Ашық аспандағы оқу залы», «Паркте оқимыз», «Кітаптарға каникул жоқ», «Кітап арқылы– халықпен келісім» және т. б.

# ҰЛТТЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Қазақстанда халықтың рухани және ойлау олқылығына қажетті құрал ретінде тұрғындарды кітап оқуға араластыру мақсатында **«Оқитын Қазақстан»** атты бағдарлама мен **«Бір ел – бір кітап»** атты жоба жұмыс істейді.



«Назарбаев Зияткерлік Мектептерінің» тәжірибесін есепке ала отырып, **«100 кітап»** жобасы әзірленді. Дәл осы жоба өз бетінше оқуға көркем әдебиет шығармаларын 60 – қазақша (қазақ тілінде), 20 - орысша (орыс тілінде), 20 – шетелдік (ағылшын тілінде) кірістіреді. Жоба саласында акциялар ұйымдастырылған, мысалы, «Барлығын тастап, кітап оқуға кіріс», Википедияда қазақ әдебиеті жайлы қазақ тілінде жазылған мақалалары және т.б.



Қазақстан мектептерінде оқуға деген оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында бірқатар шаралар өткізіледі (көрмелер, оқырмандар конференциялары, әдебиет кештері, әдебиет саяхаттары, ақындар және жазушылармен, журналистер және республика мен аймақтардың ғалым–филологтарымен кездесу, мәнерлеп оқу, театр үйірмелері, акциялар).



## **PISA зерттеулеріндегі оқу сауаттылығы бойынша Қазақстан нәтижелері**

**2009 жыл - 59 орын**

**2012 жыл, орта ұпай - 63 орын**





## Қазақстандық оқушылардың төмен нәтижелерінің себептері

- 1) Біздің оқу бағдарламаларымызда көпшілігінде көркем-әдеби шығармалардың талдауына үлкен мән беріледі, бірақ халықаралық зерттеуде мұндай мәтіндер аз пайызда қамтылған.
- 2) Көп қиындықты құрама мәтіндер туғызды.
- 3) Тапсырма форматын анықтаудағы қиындық.
- 4) “Оқиғаға байланысты түрлі пікірлерді салыстыр, өз көзқарасыңды білдір» сияқты тапсырмаларды орындау оқушыларда қиындық туғызды.

# **ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

- Қазіргі таңда түрлі мазмұндағы, сипаттағы және форматтағы мәтіндермен жұмыс жасаудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану қажет.**
- Әдебиет оқулықтарына тек әдеби шығармаларды емес, сонымен қатар оқушылар үшін қызықты, маңызды, оларды толғандыратын тақырыптар бойынша публицистикалық мәтіндерді енгізу қажет.**
- Басқа пәндерден білімдерін талап ететін тапсырмалар санын көбейту қажет.**
- Түрлі дерек көздерінен ақпаратты іздеуді және табуды талап ететін тапсырмаларды енгізу қажет.**
- Әдеби мәтіндер бойынша түрлі көзқарастарды талқылауға бағытталған тапсырмаларды енгізу керек.**

- **Білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларын өзгерту.**
- **Оқулықтарды өзгерту.**

*«Мы валим в детскую голову всякий ни к чему не годный хлам, с которым потом человек не знает, что делать... Давно пора серьезно подумать о том, чтобы оставить в наших учебниках только то, что действительно необходимо и полезно для человека, и выбросить все, что держится только по рутине и учится для того, чтобы быть впоследствии позабытым».*

**К.Д.Ушинский**

## **МӘТІНДІ ОҚУДЫҢ ТӨРТ САТЫЛЫ СТРАТЕГИЯСЫ**

- 1. Қарап шығу.**
- 2. Ойлану.**
- 3. Оқу.**
- 4. Бағалау.**

## МӘТІНДІ ОҚУДЫҢ ТӨРТ САТЫЛЫ СТРАТЕГИЯСЫ

### 1-ші саты. Қарап шығу

**Қарап шығу** – бұл жалпы ұғым, түсінік пайда болу үшін кітаптың немесе мақаланың кейбір бөлімдерін қарап шығу. Сапалы қарап шығу әрекеті сіздің оқуыңызды жеңілдетеді, бүкіл шығарманы немесе оның бір бөлігін қайта оқудан құтқарады.

- **Автор қандай мәселені қозғауда?**
- **Осы мәселеге автордың көзқарасы қандай?**
- **Бұл кітаптың немесе мақаланың негізгі бөлімдері қандай?**
- **Автор өз көзқарасын дәлелдеу үшін қандай фактілерді келтіреді?**
- **Фактілер жеткілікті ме?**

## МӘТІНДІ ОҚУДЫҢ ТӨРТ САТЫЛЫ СТРАТЕГИЯСЫ

### 2-ші саты. Ойлану

Бұл жерде ойлану автордың көзқарасы емес, өз көзқарастарыңызды тексеруді меңзейді.

2-ші сатыдағы әрекет – *көтеріліп жатқан мәселе туралы терең ойлаңыз, автордың ойын өз ойыңызбен салыстырыңыз, қарама-қарсы көзқарастарды қарап шығыңыз.* Бір сөзбен айтқанда, ойлану мақсаты – қорытындыларды шығару.

## МӘТІНДІ ОҚУДЫҢ ТӨРТ САТЫЛЫ СТРАТЕГИЯСЫ

### 3-ші саты. Оқу

**Ендігі сіздің мақсатыңыз** – өз түсінігіңізді нақтылау және тереңдету. Мүмкіндік болса, шығарманы толығымен оқып шығыңыз. Ең маңызды сөйлемдерді сызып отыру үшін әрдайым қол астыңызда **қалам немесе қарындаш** болсын. Бірнеше абзацтан ең негізгі бір сөйлемді сызуға әрекеттеніңіз. Қажетті жерде **өз сұрақтарыңыз бен ой-толғаныстарыңызды қосып отырыңыз** (қызыл жолда).

Егер оқып жатқаныңыз кітап немесе ұзақ мақала болса, онда оқығаныңызды **конспектілеуге** болады. Мұны жасау үшін, сіз маңызды деп белгілеген сөйлемдерді қайтіп оқып шығыңыз. Сосын өз конспектіңізді жазыңыз. Автор ұсынған фактілерді өз сөзіңізбен қысқа жеткізіңіз. Бірақ конспектілеп жатқаныңызда, автор ойын өзгертпеңіз, аса қысқартып жібермеңіз.



## МӘТІНДІ ОҚУДЫҢ ТӨРТ САТЫЛЫ СТРАТЕГИЯСЫ

### 4-ші саты. Бағалау

Автордың негізгі идеяларын түсіну және әрбір идея бойынша ұсынған фактілерді нақтылау үшін өз конспектіңізді мұқият оқып шығыңыз. Содан соң келесі сұрақтарға жауап беріңіз. *Ескерту.* Кейбір сұрақтар конспекті ғана емес, шығарманың өзін қайта қарап шығуды талап етеді. Мұндай жағдайда конспект қай тарау немесе қай бөлімге қарауыңызды анықтауға көмектеседі.

- *Автор түсініксіз немесе екі мағыналы ұғымдарды пайдаланбаған ба?*
- *Автор пайдаланған фактілер қарастырылып жатқан мәселеге қатысы бар ма?*
- *Егер автор ғылыми зерттеуге сүйеніп жатса, ол зерттеу қайта тексерілген бе?*
- *Автор заманауи дерек көздеріне сүйенген бе?*
- *Автор жүгінген эксперттер қаншалықты беделді және сенімді?*
- *Логикада автор ешқандай қателер жібермеген бе?*